

Индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің өндірістік қызметін (технологиялық процесін) жер қойнауын пайдаланумен байланысты қызмет (технологиялық процесс) деп тану қағидаларын бекіту туралы

### **Күшін жойған**

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 380 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Эділет министрлігінде 2015 жылы 17 сәуірде № 10758 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 24.05.2018 № 372 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 24.05.2018 № 372 (29.06.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 2010 жылғы

24 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабының

11-1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің өндірістік қызметін (технологиялық процесін) жер қойнауын пайдалану мен байланысты қызмет (технологиялық процесс) деп тану қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті:

1) осы бұйрықты заңнамамен белігендегі тәртіпте Қазақстан Республикасы Эділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Эділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін құнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Эділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Зан департаментіне осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Инвестициялар және даму министрі

Ә. Иsekeshев

"КЕЛІСІЛДІ":

Қазақстан Республикасының

Энергетика министрлігі

\_\_\_\_\_ В. Школьник

2015 жылғы 31 наурыз

Қазақстан Республикасы

Инвестициялар және даму

министрінің

2015 жылғы 31 наурыздағы

№ 380 бұйрығымен бекітілген

## **Индустримальық-инновациялық қызмет субъектілерінің өндірістік қызметін (технологиялық процесін) жер қойнауын пайдаланумен байланысты қызмет (технологиялық процесс) деп тану қағидалары**

1. Осы Индустримальық-инновациялық қызмет субъектілерінің өндірістік қызметін (технологиялық процесін) жер қойнауын пайдаланумен байланысты қызмет (технологиялық процесс) деп тану қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 2010 жылғы 24 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Жер қойнауы туралы Зан) сәйкес әзірленді және пайдалы қазбаларды барлауға, оларды өндіруге және бірлесіп барлауға және өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығын алуға тікелей келіссөздерге қатысу үшін индустримальық-инновациялық қызмет субъектілерінің өндірістік қызметін (технологиялық процесін) жер қойнауын пайдаланумен байланысты қызмет (технологиялық процесс) деп тану тәртібін айқындауды.

2. Индустримальық-инновациялық қызмет субъектілерінің өндірістік қызметі (технологиялық процесс) өндіру бойынша операциялар нәтижесінде өздері алған пайдалы қазбаларды осы субъектілер экономиканың басым секторларындағы индустримальық-инновациялық жобаларды іске асыру шеңберінде шикізат және (немесе) отын ретінде ғана тікелей пайдаланған жағдайда жер қойнауын пайдаланумен байланысты деп танылады.

Осы тармақтың бірінші белгіленген жағдай операциядан тыс және келісімшартпен көзделген, тиісті индустримальық-инновациялық жобаны іске асыру барлық мерзімі, сондай-ақ басқа тұлғаға (басқа тұлғаларға) жер қойнауын

пайдалану құқығын беруді тапсырудан немесе өтуден тыс, қызмет жер қойнауын пайдаланумен байланысты индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерімен (технологиялық процесін) тікелей келіссөздер негізінде конкурс өткізбей жасасқан жер қойнауын пайдалану келісімшартын іске асырудың барлық мерзім бойы тұрақты болып саналады.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - КР Инвестициялар және даму министрінің м.а 08.02.2016 № 167 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

3. Қызметін пайдалы қазбаларды барлауға, оларды өндіруге және бірлесіп барлауға және өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығын алуға тікелей келіссөздерге қатысу үшін жер қойнауын пайдаланумен байланысты (технологиялық процесс) деп тануға мүдделі адам (бұдан әрі – Өтінім беруші) жер қойнауы туралы Заңға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастын құзыретті органға еркін нысанда өтінім береді.

Өтінімде мыналар:

- 1) өтінім берушінің тегі, аты, әкесінің аты немесе занды тұлғаның атауы, мекенжайы;
- 2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 27 қантардағы № 32 қаулысымен (бұдан әрі – Жобаларды енгізу қағидалары) бекітілген Жобаларды индустрияландыру картасына және өнірлер кәсіпкерлігін қолдау карталарына енгізу қағидаларына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Өтінім беруші бекіткен жоба паспорты;
- 3) Жобаларды енгізу қағидаларына сәйкес нысан бойынша Өтінім беруші бекіткен индустриялық-инновациялық жобаның жоспар-кестесі;
- 4) индустриялық-инновациялық жобаны қаржыландыруды пысықтауды растайтын құжаттардың көшірмесі (ниеттер туралы меморандумдар және/немесе келісімдер және/немесе жобаны қаржыландыру туралы шешімдер);
- 5) мына мәліметтерді қамтитын 1 параптагы слайд-тұсаукесер: жобаның атауы мен мақсаты, оны іске асыру орны мен кезеңі, жобаның жалпы құны, құтілген нәтижелер;
- 6) барлауға, өндіруге және бірлесіп барлауға және өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығын алу үшін жеткілікті және негізді көлемдерде шикізатпен және (немесе) отынмен өндірістік қызметті (технологиялық процесті) қамтамасыз ету үшін жер қойнауын пайдалануға келісімшарт жасасу қажеттігіне жазбаша негіздеме қамтылуға тиіс.;
- 7) Жобаларды енгізу қағидаларына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша инвестициялық жобаларға арналған жоба бойынша ақпарат расталуға тиіс.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - КР Инвестициялар және даму министрінің м.а 08.02.2016 № 167 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

4. Индустримальық-инновациялық қызмет субъектілерінің өндірістік қызметін (технологиялық процесін) жер қойнауын пайдаланумен байланысты қызмет (технологиялық процесс) деп тану мәселелерін қарау үшін құзыретті орган Ведомствоаралық комиссияны (бұдан әрі - Комиссия) құрады.

Комиссия отырыстары қажеттігіне қарай өткізіледі және егер оған Комиссия мүшелерінің жалпы санының елу пайызынан кем емесі қатысса, заңды деп есептеледі.

Комиссия төрағасы оның қызметіне жетекшілік етеді, отырыстар өткізеді, оның жұмысын жоспарлайды және оның шешімдерінің іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асырады. Комиссия төрағасы жоқ болған кезде оның функцияларын Комиссия төрағасының орынбасары орындайды.

Тиісті мәселелерге жетекшілік ететін құзыретті орган басшысының орынбасары Комиссия төрағасы болып табылады.

Комиссияның жұмыс органдың және жеке құрамын құзыретті орган айқындайды. Бұл ретте комиссияның сандық құрамы тақ болуға тиіс.

Комиссия шешімдері отырыска қатысып отырган мүшелердің жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады. Комиссия мүшелері шешімдер қабылдаған кезде тең дауыска ие. Дауыс тең болған жағдайда Комиссия төрағасы дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

5. Жұмыс органды өтінімді алған сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде, ол осы Қағидалардың 3-тармағының талаптарына сәйкес келген жағдайда, оны қорытынды беру үшін:

1) уран мен көмірді қоспағанда, жер асты сулары мен емдік балышық, қатты пайдалы қазбалар бөлігінде – индустрияны дамыту саласындағы Ұлттық даму институтына (бұдан әрі- Ұлттық даму институты);

2) көмірсутек шикізаты, уран және көмір бөлігінде – осы Қағидалардың 5-1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес қорытынды даярлау және өтінімді алған сәттен бастап он жұмыс күні ішінде Ұлттық даму институтына өтініш мен қорытындыны жіберу үшін Комиссия белгілеген мамандандырылған ғылыми ұйымдарға және (немесе) сарапшыларға.

Ұлттық даму институттары жасалған шарттар негізінде Жұмыс органды үшін уран мен көмірді қоспағанда, жер асты сулары мен емдік балышық, қатты пайдалы қазбалар бөлігінде қорытынды даярлау кезінде мамандандырылған ғылыми ұйымдарды және (немесе) сарапшыларды тартады.

Осы Қағидалардың 5-тармағының екінші бөлігіне сәйкес Ұлттық даму институтымен өтінімдерді сараптауға тартылатын мамандандырылған ғылыми

ұйымдар және (немесе) сарапшылар үшін сараптама жүргізуді талап ету бойынша осы салада 3 (үш) жылдан кем емес практикалық жұмыс тәжірибесі болу қажет.

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а 08.02.2016 № 167 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

5-1. Индустримальық-инновациялық қызмет субъектісінің өндірістік қызметін ( технологиялық процесін) жер қойнауын пайдаланумен байланысты қызмет ( технологиялық процесс) деп тану туралы қорытынды еркін нысанда жасалады және мынадай:

1) өтінім беруші экономиканың басым секторында индустримальық-инновациялық жобаны іске асыратын индустримальық-инновациялық қызмет субъектісі болып табылатын;

2) мәлімделген жоба экономиканың басым секторларында жүзеге асырылатын индустримальық-инновациялық қызметке (технологиялық процесс) жататын;

3) экономиканың басым секторларында жүзеге асырылатын индустримальық-инновациялық қызмет субъектісінің өндірістік қызметі ( технологиялық процесс) жер қойнауын пайдаланумен байланысты қызмет ( технологиялық процесс) болып табылатын негізгі бағыттар бойынша қорытындыларды қамтуға тиіс.

Ұлттық даму институты қорытындыны дайындау мерзімі өтінімді алған сэттен бастап он бес жұмыс күнінен аспауы тиіс, Ұлттық даму институты, көмірсүтек шикізаты, уран мен көмір бөлігінде жынтық қорытындыны дайындау мерзімі Комиссия белгілеген мамандандырылған ғылыми ұйымдардан және (немесе) сарапшылардан қорытынды алған сэттен бастап он бес жұмыс күнінен аспауы тиіс.

Өтінім осы Қағидалардың 3-тармағының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, жұмыс органы бес жұмыс күні ішінде өтінімді қабылдаудан дәлелді бас тартуды дайындайды және Өтінім берушіге жібереді. Өтінімді қабылдаудан бас тарту, өтінімді қабылдаудан бас тартуда көрсетілген бұзушылықтар жойылған жағдайда, өтінім берушіні қайта жүргіну құқығынан айырмайды.

**Ескерту. Қағида 5-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а 08.02.2016 № 167 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

6. Ұлттық даму институтының қорытындысын алғаннан кейін жұмыс органы аталған қорытындыларды қоса бере отырып, Комиссияның қарауына өтінімді шығарады.

7. Комиссия шешім қабылдай отырып, қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін, Ұлттық даму институтының қорытындылары және мынадай:

- 1) Өтінім берушінің өндірістік қызметі (технологиялық процесс) шикізат және (немесе) отын ретінде пайдалы қазбаларды барлау, өндіру және бірлесіп барлау және өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығын алу үшін жеткілікті және негізді көлемдерде пайдалануды көздейді;
- 2) индустримальық-инновациялық қызмет субъектісі қызметінің (технологиялық процестің) әлеуметтік-экономикалық маңыздылығы;
- 3) индустримальық-инновациялық дамуға үлесі деген критерийлерді басшылықта алады.

Комиссияның шешімі Комиссияның барлық қатысуыш мүшелері қол қоятын хаттамамен ресімделеді.

Комиссия шешімі Өтінім берушінің өндірістік қызметі (технологиялық процесс) барлауға, өндіруге және бірлесіп барлау мен өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығын алу үшін жеткілікті және негізді көлемдерде пайдалы қазбаларды шикізат және (немесе) отын ретінде пайдалануды көздейді деген мәліметті қамтуға тиіс.

Комиссияның шешімін Өтінім берушіге жұмыс органды жібереді.

**Ескерту. 7-тармақта өзгеріс енгізілді - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а 08.02.2016 № 167 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

8. Қызметі (технологиялық процесс) жер қойнауын пайдаланумен байланысты деп танылған адам жер қойнауы туралы Заңның 35-бабына сәйкес пайдалы қазбаларды барлау, өндіру және бірлесіп барлау және өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығын алуға тікелей келіссөздерге қатысады.